

ЖШС «Istiat Group» Балауса балабақшасы



«ЖАС ЗЕРТТЕУШІЛЕР»

(Вариативтік компоненті)

Тәрбиеші: Мақұлбекова Лаура

2021-2022 оқу жылы

Кіріспе

«Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы ағымдағы жылдың сәуір айында республиканың мектепке дейінгі ұйымдарының педогогтері арасында «Оқу жоспарының вариативтік бөлігіне арналған үздік бағдарлама» байқауын өткізді.

Байқаудың мақсаты: республикадағы мектепке дейінгі ұйым педогогтерінің мектеп жасына дейінгі балаларды дамытудың үздік авторлық, вариативтік бағдарламаларын анықтау, педогогтердің озат тәжірибесін жинақтау және тарату.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінде ғылыми негізде вариативтік оқу бағдарламаларының құрылымын әзірлеу және бағыттарын айқындау, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды, дамыту мен білім беру сапасын қамтамасыз етуде вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу көзделген.

Мектепке дейінгі ұйымдар вариативтік жеке бейімделген бағдарламаларды, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдаланады. Вариативтік оқу бағдарламаларын әзірлеуге, оқытудың әртүрлі әдістемелері мен технологияларын, білім беру процесін ұйымдастырудың нысандарын, әдістерін, тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік беріледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының вариативтің компоненттері балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Мектепке дейінгі компоненттері балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының: «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет», білім беру салаларын кіріктіре отырып, педогогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Жинаққа енгізілген бағдарламалар түсіндірме жазбаны, бөлімдер бойынша мазмұнды, жылдық перспективалық жоспарды, сағаттардың шамамен бөлінуін қамтиды. Жинақ

мектепке дейінгі ұйым басшыларына, әдіскерлеріне, педогогтеріне вариативтік бөлікті ұйымдастыру барысында үлгі ретінде ұсынылады.

Бағдарламаның мақсаты: Тәжірибелік-эксперименттік әрекет арқылы балалардың танымдық, шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- Балаларды қоршаған орта объектілерімен таныстыру және қарапайым тәжірибе жасауға, өз әрекетінің нәтижесін көре білуге үйрету.

- Талдауға, салыстыруға, негізгі болжамдарды ұсынуға, себеп-салдарлық байланыстарды орнатуға және қорытынды жасай білуге үйрету.

- Командамен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру.

- Ата-аналарды бірлескен әрекетке тарту, балаларды ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Нәтижесінде:

- қоршаған орта объектілерімен танысады.

- қарапайым тәжірибе жасауға үйренеді.

- жаңалықты зерттеуге қызығушылығы, белсенділігі, байқағыштығы артады.

- өз әрекетінің нәтижесін байқайды.

- талдайды, салыстырады, негізгі болжамдарды ұсынады, себеп-салдарлық байланыстарды орната біледі, қортынды жасайды.

- командамен жұмыс жасай алады.

- қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

«Жас зерттеушілер» вариативтік компонентін

күнтізбелік жоспары:

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Жас зерттеушілер» эксперимент орталығына саяхат	Балаларды эксперимент орталығымен таныстыру	1
2	Таңғажайып әйнек	Балаларды тәжірибе жасау құралдарымен таныстыру	1
3	Қант және тұз	Қант пен тұздың қасиеттерін ажыратуға үйрету	1
4	Сабын көпіршіктері	Тәжірибелік-зерттеушілік қызметке қызығушылықты дамыту	1
5	Сабынды балауыз шамға қалай айналдыруға болады?	Сабынды басқа да зат жасауға қолдануға болатындығы туралы білімдерін кеңейту.	1
6	Судың қасиеті	Судың қасиеттерімен таныстыру	1
7	Судың қасиеті	Судың қасиетімен таныстыруды жалғастыру	1
8	Суда еритін және ерімейтін заттар	Судың қасиеттері туралы білімдерін бекіту	1
9	Судың тығыздығы	Заттардың тығыздығы туралы түсінік қалыптастыру	1
10	Тамшылар саяхаты	Табиғаттағы су айналымымен таныстыру	1
11	Ауа	Ауаның маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейту	1
12	Шардың өздігінен үрленуі	Балалардың танымдық белсенділігін, білуге құштарлығын дамыту.	1
13	Жел неге соғады?	Өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту.	1
14	Кемелер неге батпайды?	Заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру.	1
15	Ағаштар туралы не білеміз?	Ағаштың қасиеті туралы білімдерін жетілдіру.	1
16	Қағаз әлемі	Қағаздың түрлерімен, қасиетімен таныстыру.	1
17	Балауыз шам қаншалықты ұзақ	Балауыз шам туралы түсінік	1

	жанады?	беру.	
18	Ақ жұлдызшалар	Қардың қасиеті туралы түсіктерін жетілдіру.	1
19	Қар мен мұз	Қар мен мұздың қасиеттері туралы түсініктерін жетілдіру.	1
20	Қозғалыс тудыратын күштер	«Қозғалыс», «күш» ұғымдарымен таныстыру.	1
21	Тығыздығы жоғары сұйықтықтар	Сұйық заттардың тығыздығын зерттеу	1
22	Заряд өткізгіштер	Танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, қызығушылығын дамыту.	1
23	Әйнек және оның қасиеті	Танымдық белсенділігін, сыни ойлауын, қызығушылығын дамыту.	1
24	Магнит	Магниттердің қасиеттерімен танысу процесінде балалардың танымдық белсенділігін дамыту	1
25	Тартады-тартпайды	Магниттің қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру.	1
26	Қай магнит күштірек?	Магниттің күшін салыстыру әдісімен таныстыру.	1
27	Жанартау	Табиғи құбылыс жанартаудың қалай пайда болатындығы туралы түсінік беру.	1
28	Тас	Өлі табиғат объектілері туралы түсініктерін кеңейту	1
29	Күн сәулесі	Табиғи жарық көзімен таныстыруды жалғастыру	1
30	Жарық және көлеңке	Жарық пен көлеңкенің пайда болуы туралы білімдерін кеңейту.	1
31	Күн мен түннің алмасуы	Күн мен түннің алмасуы туралы түсінік беру.	1
32	Өсімдіктің суды сіңіруі	Өсімдіктердің суды сіңіру процесімен таныстыру.	1
33	Өсімдік жапырақтарында ылғалдың болуы	Өсімдіктер жапырақтарында ылғалдың болуын анықтауға үйрету	1
34	Кемпірқосақ	Балаларды кемпірқосақтың атмосфералық құбылысымен	1

		таныстыру	
35	Топырақтың құрамында не бар?	Топырақтың құрамымен таныстыру	1
36	Құм	Құмның қасиетімен таныстыру	1
Барлығы:			36 сағат